

**6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Махамбетова Алия Бердехановнаның
 «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау»
 тақырыбында дайындалған диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға а сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	А.Б.Махамбетованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес дайындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, сондай-ақ оның маңыздылығы толықтай ашылған. Себебі докторант отандық және шетелдік

			<p>ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдау арқылы Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған.</p> <p>Зерттеу мәселесі бойынша жасалған ғылыми-практикалық модель мен оны жүзеге асырудың поликомпонентті бағдарламасының даярлануы жұмыстың теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>3.1.Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Алия Махамбетованың диссертациялық жұмысы өз бетімен дербес түсінікті ғылыми тілмен жазылған зерттеу. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған деп, батыл айта аламыз. Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертацияның мазмұнының баяндалуындағы бірізділік пен тығыз байланыстары дәлел бола алады. Сондай-ақ, болашақ арнайы педагогтарды даярлаудың теориясы мен практикасы қарастырылған Қазақстандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдар еңбегіне терең талдау жасау барысында да өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, өзіндік оймен қорытындылаған.</p> <p>Эксперименттік-тәжірибе жұмысын дәлелді</p>

			<p>оның ішінде құрылымдық тұрғыдан зерттелетін феноменнің теориялық және әдістемелік негіздерінің мәндік-мағыналық мазмұнын айқындау, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру, болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасын жасау» делінген мақсатына ұтымды қойылған 4 міндет арқылы қол жеткізген. Ал, зерттеу мақсаты: Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, ғылыми-практикалық моделін әзірлеу және оның тиімділігін эксперименттік тұрғыда тексерумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс 2 тарау, 8 бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан, 15 суреттен және 27 кестеден тұрады. Зерттеу тақырыбы, әдіснамалық негіздері, бөлімдері мен тармақтарының арасындағы байланыстары және сәйкестіктері диссертациялық жұмыс мазмұнының біртұтас жүйелі сипатын ашады. Өзара</p>

			фактілермен баяндаған. Зерттеудің негізгі ұғымдарын өз түсініктерімен, авторлық анықтамасымен нақтылаған. Мол тәжірибесі негізінде мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің дәлелі негізделген. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша әдебиеттерге жасалған талдау дуальді білім беру жүйесінде арнайы педагогтарды даярлау мәселесі тіпті зерттелмегендігін көрсеткен. Яғни дуальді білім беру жүйесінде болашақ арнайы педагогтарды даярлау мәселесі, оның әдіснамалық негіздерін айқындау, моделін жасау, педагогикалық шарттарын, формалары мен әдістерін айқындау, оқу-әдістемелік кешенін жасау диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздейді.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық көлемде айқындайды.</i> Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеясын көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына <i>сәйкес келеді.</i> Диссертант зерттеудің «арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын негіздеу және сипаттама беру, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың қазіргі заманғы шетелдік және отандық концепцияларын,

			байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін жан-жақты талдау жұмыстың толымдығын аша түседі.
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді толығымен <i>сыни талдай алған</i>. Автордың жұмыстағы келтіретін ой-пікірлері мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Алынған нәтижелер диссертанттың негізгі әдіснамалық ұстанымдарды дұрыс таңдауын; зерттеудің мақсатына, міндеттеріне және болжамына сәйкес келетін бірін-бірі толықтыратын зерттеу әдістерін қолдануын көрсетеді. Зерттеудің идеясы болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдалық даярлау үдерісі қоғамның жаңа талаптарына сай сапалы педагогикалық бағыттағы мамандар даярлау мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді.</p> <p>Сондықтан Алия Бердехановна Махамбетованың диссертациялық зерттеуіндегі ғылыми жаңалықтар, қағидаттар, әдістер негізделіп, жан-жақты талдау арқылы <i>бұрыннан белгілі</i></p>

			<i>шешімдермен салыстырылып мазмұндалған.</i>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған. Себебі, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа болуымен</i> ерекшеленеді. Нақтылайтын болсақ:</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> ізденушінің кәсіби даярлық мәселелерін қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерді талдауы негізінде дайындықтың практикалық бағытының дәстүрлі және инновациялық формаларын интеграциялайтын «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлау» ұғымының мәнін нақтылай отырып, авторлық анықтама берілетіндігімен анықталған;</p> <p><i>Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> теориялық дереккөздерді зерделеу, сыни тұрғыдан қарастыру арқылы жоғары оқу орындарында арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік аспектілерінде көрсетілген заманауи шетелдік және отандық тұжырымдамаларды ғылыми әдебиеттер мен өзіндік бақылаулармен анықтаумен сипатталады. Бұл ғылыми нәтиже болашақ арнайы педагогтың тәжірибеге бағытталған күзіреттілігінің объективті</p>

			<p>бақылау шеңберінен шығып кетуімен де дәлелденеді, оны дуальді оқытуды ұйымдастыру процесінде бағалауға болады.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік кезеңдерден тұратын сондай-ақ, оның құндылықтық-практикалық бағытын айқындайтын, арнайы педагогты қызметке дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасаумен шарттанған.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы</i> мен жаңашылдығы оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың әртүрлі тәжірибелермен ұштасатын поликомпонентті бағдарламасын жасау және жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі заманғы жоғарғы оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуалды-бағытталған оқытудың теориясы мен практикасы» оқу құралын құрастырумен және енгізумен расталған. Сонымен қатар, DAAD (Германдық академиялық алмасу қызметі, Германияның Deutscher Akademischer Austauschdienst, аббр. DAAD) аясындағы «Халықаралық білім кеңістігінде болашақ мұғалімдерді дайындаудың дуальді үлгілері: проблемалары, шешімдері, болашағы» халықаралық ғылыми конференцияда зерттеу нәтижелері</p>
--	--	--	---

			<p>апробацияланып, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми-практикалық моделі апробациялау процесінде он нәтижеге ие болған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Диссертант «Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» атты диссертациялық жұмыс бойынша арнайы жүргізілген зерттеу барысында дайындалған әдіснамалық-теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыста қол жеткізген нәтижелері төмендегідей қорытындыланған: Арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың алғышарттарын айқындау және болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру мақсатында отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне жан-жақты талдау жасаған. «Дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын нақтылау мақсатында ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау арнайы педагогика контексінде «дуальді білім беру», «тәжірибеге бағдарланған оқыту» түсініктеріндегі айырмашылықтарды анықтаған.</p>

			<p>Сонымен қатар, автор зерттеу барысында арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдістемелік кешенін дайындаған:</p> <p>- «Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіндегі дуальді-бағдарлық оқытудың теориясы мен практикасы» әдістемелік оқу құралы;</p> <p>-Болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасын жасаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеру <i>толығымен жаңа</i>. Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи техологияларға негізделген. Өзіндік авторлық шешімдері нақты, жүйелі берілгендіктен мәселені шешу жолдары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әр түрлі ғылымдар саласындағы ой

			тұжырымдарды саралаумен негізделген. Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған, негізгі нәтижелері 12 ғылыми еңбекте жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	А.Б.Махамбетованың диссертациялық жұмысы бойынша ұсынылған қағидаттар теориялық әдістемелік және практикалық зерттеу барысында <i>дәлелденген</i> .
		7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ	<i>Тривиалды емес, себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр.</i>
		7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әрбір қағидасы жаңа болып табылады. Себебі, төрт міндет бойынша алынған нәтижелер қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденген.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	Диссертациялық жұмыста зерттеу пәні бойынша жаңа білім ұсынылады, қолданылу деңгейі кең болып табылады.

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертант тарапынан жазылған ғылыми басылымдарға жарыққа шығып, дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста келтірілген әдістемелердің сенімділігі мен нақтылығы зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен; зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен; зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің және эксперименттік мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімімен дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	Диссертация мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми методологиялық мәдениет тұрғысынан тексеріліп дәлелденген және расталған. Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған

		нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	Диссертациялық жұмысты жазу барысында автор тарапынан тұжырымдалған маңызды мәлімдемелер зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығы көп ғылыми саладағы сенімді әдебиеттердің талдануымен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Жұмысты жазу барысында диссертант 204 отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне шолу жасаған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңызы бар. Себебі, Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалған. Сонымен қатар, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың бір-бірімен өзара байланысты мақсатты, технологиялық, бағалау блоктарынан тұратын моделін әзірлеген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары. Себебі, болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың

			поликомпонентті бағдарламасы әзірленген, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Бұл ұсыныстар арнайы педагогтарды даярлауда аса маңызды деп санаймын.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Махамбетова А.Б. өз зерттеу жұмысын диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімделуі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. <u>Жазу сапасы жоғары.</u>

Шешім: Махамбетова Алия Бердехановнаның 6D010500 – Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» тақырыбында диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«6D010500 - Дефектология»

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Арнайы педагогика кафедрасының

аға оқытушысы, философия докторы (PhD)

А.А.Қабдырова

Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

